

## Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы

Түркістан облысы Сарыагаш ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 21 қаңтардағы № 27 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 11 ақпанда № 4903 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 3 бабының 2 тармағының 3) тармақшасына сәйкес Сарыагаш ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Сарыагаш ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібі осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес айқындалсын.
2. Сарыагаш ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарға ақшалай сыйақының мөлшері осы қаулының 2-қосымшасына сәйкесайқындалсын.
3. "Сарыагаш ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіpte:
  - 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
  - 2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;
  - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Сарыагаш ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауга жолданылуын;
  - 4) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Сарыагаш ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. Таскуловқа жүктелсін.
5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн откеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

К. Абдуалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

"Түркістан облысы полиция

департаментінің Сарыагаш аудандық  
полиция бөлімі" мемлекеттік мекемесінің  
бастығы

Е. Нуралиев

"15" қаңтар 2019 жыл

Сарыагаш ауданы әкімдігінің  
2019 жылғы 21 қантардағы  
№ 27 қаулысына 1-косымша

## **Сарыагаш ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелегеудің түрлері мен тәртібі**

1. Осы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелегеудің тәртібі Сарыагаш ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелегеудің түрлері мен тәртібін айқындайды.

2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға азаматтарды тарту Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 27 қарашадағы № 641 бұйрығымен бекітілген Бақылау және қадағалау функцияларына байланысты емес, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға азаматтарды тарту ережесі, олардың нысандары мен түрлеріне сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3326 тіркелген) жүзеге асырылады.

3. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелегеу мәселелерін аудан әкімдігі құратын Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелегеу жөніндегі аудандық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) қарайды

4. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды көтермелегеу туралы ұсынымды Комиссияға қарауға "Түркістан облысы полиция департаментінің Сарыагаш аудандық полиция бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – полиция бөлімі) енгізеді.

5. Комиссия қабылдайтын шешім көтермелегеу үшін негіз болып табылады.

6. Көтермелегеу түрлерін, соның ішінде ақшалай сыйақы мөлшерін, көтермеленушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отыра, Комиссия белгілейді.

7. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелегеудің түрлері:

- 1) Сарыагаш ауданының Құрмет грамотасы;
- 2) ақшалай сыйақы;
- 3) құнды сыйлық.

8. Ақшалай сыйақыны төлеу және құнды сыйлықты алу үшін Комиссия қабылдайтын шешімге сәйкес, қосымша полиция бөлімі бастығының бүйрығы шығарылады.

9. Полиция бөлімі ақшалай сыйақыны төлеуді және бағалы сыйлықты алуды облыстық бюджет қаражаты есебінен жүргізеді.

10. Көтермелектерді төлеуге қаражат облыстық бюджетте, Түркістан облысы полиция департаменті 252 003 "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелек" бюджеттік бағдарламасымен көзделеді.

11. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін азаматтарға Түркістан облысы Сарыагаш ауданының Құрмет грамотасын, ақшалай сыйақы, бағалы сыйлықтар беруді полиция бөлімі салтанатты жағдайда жүзеге асырады.

Сарыагаш ауданы әкімдігінің

2019 жылғы 21 қантардағы

№ 27 қаулысына 2-қосымша

### **Сарыагаш ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарға ақшалай сыйақының мөлшері**

1. 10 есептік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшердегі ақшалай сыйақы.
2. Бағасы 10 есептік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын құнды сыйлық.